

БЕКІТЕМІН
Астана қаласы әкімдігінің
«Әдістемелік орталығы» МКҚК
басшысы

« 31 » 10 2023ж. С. Дауешова



«ҮЗДІК ӨНДІРІСТІК ОҚЫТУ ШЕБЕРІ» ҚАЛАЛЫҚ БАЙҚАУЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Осы Ереже «Үздік өндірістік оқыту шебері» байқауының (бұдан әрі – «Байқау») мақсаттарын, міндеттерін, өткізу, қатысу және қорытындысын шығару тәртібін айқындайды.
- 1.2. Байқаудың ұйымдастырушылары «Әдістемелік орталығы» МКҚК, Білім басқармасы мен Астана қаласы Білім беру қызметкерлері кәсіподағының қолдауымен өткізеді.
- 1.3. Байқауды өткізу мерзімі - жылына бір рет.
Байқау туралы ақпарат Астана қаласының «Әдістемелік орталығы» және Білім беру қызметкерлері кәсіподағының сайтында жарияланады.
- 1.4. Мақсаты:
 - өндірістік оқыту шеберлерінің педагогикалық шеберлігі мен шығармашылығын жетілдіру.
- 1.5. Міндеттері:
 - дарынды, шығармашылықпен жұмыс істейтін өндірістік оқыту шеберлерін анықтау;
 - озық кәсіптік және педагогикалық тәжірибені насихаттау;
 - педагогика мамандығының беделін арттыру.

II. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАР

- 2.1. Нысанына қарамастан Астана қаласының техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының өндірістік оқыту шеберлері қатысады.
- 2.2. Байқау өткізу тілі - қазақша, орысша.
- 2.3. Өткізу форматы- онлайн.

III. БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

- 3.1. Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті мен сараптамалық комиссиясы құрылады.
- 3.2. Сараптамалық комиссия Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК басшысы бұйрығымен бекітіледі.
- 3.3. Сараптамалық комиссия Астана қаласының Білім басқармасының, Әдістемелік орталығының, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының, Астана қаласы бойынша педагогикалық қызметкерлерінің қалалық кәсіподағының өкілдері, тәжірибелі педагогтердің, кәсіби педагогикалық шеберлік байқауларының жеңімпаздарының, әлеуметтік серіктестердің, қоғамдық ұйымдардың өкілдерінің қатарынан қалыптасады (келісім бойынша).

IV. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ МЕН ТӘРТІБІ

4.1. Байқау келесі кезеңдерден тұрады:

1 кезең - өтінімдерді тіркеу. Қатысушылар байқау материалдарын бір папкада (өтініш, презентация, сабақ жоспары) **2023 жылғы 30 қарашаға** дейін tipokonkurs@mail.ru электрондық поштасына жібереді. Үш жұмыс күні ішінде олардың өтінімдері жіберілген поштаға материалдарды алғаны туралы растау келіп түседі.

2 – кезең – байқаудың материалдарын сараптау - **2023 жылдың 4-8 желтоқсан аралығында;**

3 - кезең - байқаудың қорытындысын шығару - **13 желтоқсан 2023 ж.**

4.2. **Байқау тапсырмалары:**

1. Қатысушының визиттік карточкасы өндірістік оқыту шеберінің педагогикалық, ғылыми-әдістемелік және сабақтан тыс қызмет нәтижелерінің динамикасы туралы түсінік береді. Презентация 5 слайдтан артық емес.

Бағалау критерийлері:

- педагогикалық қызмет туралы мәліметтердің қысқалығы мен маңыздылығы (5 ұпай);
- 3 жыл аралығындағы педагогтың жетістігі (10 ұпай);
- материалды беру мәдениеті және эстетика (3 ұпай).

2. Тәжірибелік сабақтың үзіндісі.

Регламент - 15 мин.

Бағалау критерийлері:

- тақырыптың жаңашылдығы мен ашылу тереңдігі (5 ұпай);
- материалды ұсынудың әдістемелік тәсілдерінің әртүрлілігі, орындылығы және бірегейлігі (5 ұпай);
- студенттер әрекетінің жоғары қарқындылығына қол жеткізу және қолдау шеберлігі (5 ұпай);
- АКТ, сандық және желілік ресурстарды қолдану (5 ұпай);
- көпшілік алдында сөйлеу мәдениеті (5 ұпай).

3. Сабақ жоспары

Бағалау критерийлері:

- сабақ жоспары құрылымының қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкестігі (5 ұпай);
- сабақ мақсатына жету үшін оқу әрекетін ұйымдастыру әдістері мен формаларының сәйкестігі (5 ұпай);
- студенттердің кәсіби құзіреттіліктерін қалыптастыру үшін өзіндік (практикалық) жұмыстардың мазмұны мен ұйымдастырылуы (5 ұпай);
- рефлексия мен кері байланысты ұйымдастыру (5 ұпай);
- тиімді бағалау әдістерін таңдау (5 ұпай).

4.3. Қатысушылардың байқау материалдары рецензияланбайды, қайтарылмайды. Белгіленген мерзімнен кеш жіберілген материалдар қабылданбайды.

4.4. Қосымша ақпарат алу үшін байланыс телефон: 8(701)6447318, Исина Нагима Саткеновна, ТЖКББ бөлімінің әдіскері.

V. ҚОРЫТЫНДЫ ШЫҒАРУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ

5.1 Байқаудың барлық тапсырмалар нәтижелері бойынша жинаған ұпай санына сәйкес орындарды бөлу.

5.2. Байқаудың жеңімпаздары I,II,III дәрежелі Дипломдар мен Астана қаласының Әдістемелік орталығы және педагогикалық қызметкерлері кәсіподағының бағалы сыйлықтарымен марапатталады.

5.3. Байқау барысында 30-дан жоғары ұпай жинаған қатысушыларға сертификаттар беріледі.

«Үздік өндірістік оқыту шебері»
қалалық байқауына қатысуға
ӨТІНІМ

1. Тегі, аты, әкесінің аты (толығымен) _____
 2. Білім беру ұйымы _____
 3. Лауазымы _____
 4. e-mail (міндетті түрде көрсету) _____ байланыс телефоны _____
 5. Білімі (оқу орны, бітірген жылы, мамандығы) _____
-
6. Қатысушының біліктілік санаты _____
 7. Педагогикалық еңбек өтілі _____
 8. Байқау сабағына YouTube арнасына сілтеме _____

Толтырылған күні _____